

Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 5 қарашадағы № 394 "Ауылдық жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 27 наурыздағы № 94 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 сәуірде № 3270 болып тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 18 бабының 2) тармақшасына, 238 бабының 3 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 2 тармағына сәйкес Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ауылдық жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы» Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 5 қарашадағы № 394 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3109 болып тіркелген, аудандық «Тарбағатай» газетінің 2013 жылғы 23 желтоқсандағы № 103 (7793) жарияланған) мынадай өзгерістер мен т о л ы қ т ы р у е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулының атауы жаңа редакцияда жазылсын:

«Ауылдық жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, ветеринария мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы»;

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Ауылдық жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, ветеринария мамандары лауазымдарының тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) 1, 2, 3, 4 қосымшаларға сәйкес а й қ ы н д а л с ы н . » ;

көрсетілген қаулы осы қаулының қосымшасына сәйкес 4 қосымшамен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары

С . Ж а қ а е в қ а

ж ү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы *А у д а н ә к і м і н і ң*
А.Смаилов
КЕЛІСІЛДІ:

мәслихатының хатшысы *Т а р б а ғ а т а й а у д а н д ы қ*
М.Мағжаев
« 27 » __ 03 __ 2014 жыл

Т а р б а ғ а т а й а у д а н ы
ә к і м д і г і н і ң 2 0 1 4 ж ы л ғ ы
« 2 7 » н а у р ы з № 9 4

қаулысына қосымша

Т а р б а ғ а т а й а у д а н ы
ә к і м д і г і н і ң 2 0 1 3 ж ы л ғ ы
5 қ а р а ш а д а ғ ы № 3 9 4

қаулысына 4 қосымша

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі «Тарбағатай ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ауылдық жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген ветеринария мамандары лауазымдарының тізбесі

1. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын директоры;
2. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын директорының орынбасары;
3. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын филиалының директоры;
4. Ветеринариялық пункт меңгерушісі;
- 5 . М а л д ә р і г е р і ;
6. Мал фельдшері.